

кемшіліктер мемлекеттік органдар мен квази мемлекеттік сектор сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеткілікті шаралар қабылдамайтынын көрсетеді.

Мемлекеттік сатып алуға байланысты қылмыстардың негізгі бөлігі басшылар Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды іске асырған кезде жасалады.

Біздің пікірімізше мемлекеттік сатып алу үнемді болуы керек. Нәтижесінде тапсырыс беруші төленген баға үшін тауарлар мен қызметтердің ең жақсы сапасын алуы керек. Сатып алу туралы шешім қабылдауда баға да, сапа да ескерілуі керек: түпкілікті шешімді осы факторлардың біреуі ғана талап етпеуі керек.

Келісімшартты беру туралы шешімдер адал және бейтарап болуы керек. Мемлекеттік қаражат жеке қызмет көрсету үшін пайдаланылмауы тиіс. Стандарттар мен шарттар конкурсқа қатысатын барлық компаниялар үшін тең болуы тиіс. Жеткізушілер мен мердігерлер олардың тәжірибесі мен ұсыныстарының қадір-қасиеті негізінде таңдалуы тиіс, барлық әлеуетті өнім берушілерге мерзімдер мен құпиялылық тұрғысынан тең жағдайлар берілуге тиіс.

Мемлекеттік сатып алу секторындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруда айқындық бірден екі рөл атқарады:

- Біріншіден, процесті барынша ашық етуге мүмкіндік бар. Бұл барлық сауда-саттық жарнамаларын әлеуетті үміткерлер оқи алатын газеттер мен бөлшек сауда орындарында және интернетте уақтылы жариялауды білдіреді.

- Екіншіден, қоғамдық пікірді қуатты құрал ретінде пайдалануға болады. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік сатып алу секторында сыбайлас жемқорлықтың бар екендігі туралы жұртшылықты хабардар етуде маңызды рөл атқара алады және күреске бағытталған іс-қимылдарды қолдауды ынталандыра алады. Егер жұртшылыққа сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз егжей-тегжейлері берілсе: кім қатысты болса, қанша төленді, салық төлеушілерге оның құны қандай болды және егер жаңа және жаңа жағдайлар жарияланатын болса, халық қандай да бір реформа жүргізуді талап етпейтінін елестету қиын.

#### Әдебиеттер тізімі

1.Базарова С.К. Организация государственных закупок в Республике Казахстан: учебное пособие. - Астана: Парасат Әлемі, 2014. - 231 с.

2.Наумов В.В: Ценообразование в сфере государственных закупок учебное пособие ИНФРА-М, 2010 г. <https://www.labyrinth.ru/books/248997/>

3. Избасханов Б.Ж. Необходимость противодействия коррупции в сфере государственных закупок // Мир закона – 2010. - № 2. - С. 29-32.

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ЖЕР УЧАСКЕСІНЕ ҚҰҚЫҚТАР АЛУ: ҚАҒИДАТТАР, ТӘРТІБІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жакупбаева А.А., Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының магистранты, Астана қ.*

Мақалада Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына жер саласында мемлекеттік қызметті алуда қолайлылық және қолжетімділік сипатында көрсету қадамдарын қамтамасыздандыру үрдістері қаралған. Қазақстан Республикасындағы әрбір жергілікті өңірде жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасы талданып және оны ары қарай жетілдіру бағыты аталып өтіледі. Бұл жағдайға көп түрлі фактор ықпал етеді. Мәселен, атап айтсақ кейбір мемлекеттік қызметтер көрсету барысында жиі кездесетін құқық нормаларының коллизиясы мен құқықтық олқылықтар туындаған мәселені ушықтыра бастайды. Мақалада аталған мәселені реттеуге қатысты

ұсыныстар жасалады. Нәтижесінде жалпы жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасын одан сайын жетілдірумен қатар, тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге, билік пен халықтың ара қатынасын жылдам, ыңғайлы және толыққанды тиімді ету жолдары қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер және оның қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін [1]. Сәйкесінше әр тұлға мен мемлекеттің арақатынасының үрдістерін оңтайландыру үшін жер қатынастары саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жетілдіру мәселесі елімізде маңызды міндеттер қатарында тұр. Осыған орай, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының міндеттеріне жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауы, өзгертілуі мен тоқтатылуы негіздерін, шектері мен шарттарын, жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыру тәртібін белгілеу, жерді ұтымды пайдалану және қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы түрде қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны жақсарту мен сақтауды, ауа-райының өзгеруіне бейімделуді қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу, шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын бірегей тең құқықпен дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, заңды және жеке тұлғалар мен мемлекеттің жер учаскесіне құқықтарын қорғау, жылжымайтын мүліктердің нарығын дамыту мен жасау, жер қатынастары саласы бойынша заңдылықты нығайту болып табылады.

Зерттеу үрдісінде әртүрлі әдістер қолданылған атап айтқанда теориялық, салыстырмалы және аналитикалық талдау. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты нормативтік-құқықтық құжат айналымына талдау жүргізіліп, материал ретінде алынды; «Электрондық үкімет» порталындағы қолжетімділігіне қатысты, «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесіндегі, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу барысында туындаған мәселелерге қатысты мәліметтер алынды. SWOT талдау әдісі қолданылды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында жер қатынастары саласында халыққа қызмет көрсету барысында жеткен жетістіктер жеткілікті түрде бар болғанымен, алайда заңнамалар базасында мемлекеттік қызмет көрсетуді реттейтін әртүрлі құқықтық нормативтік актілер (Жер Кодексі, қағидалар, қаулылар, өкімдер, бұйрықтар және т.б.) тым көп болуына байланысты мемлекеттік қызмет алушы және мемлекеттік қызмет берушілердің құқықтарында көптеген сәйкессіздіктер кеңінен орын алу барысында, яғни құқықтық нормативтік актімен белгіленген мемлекет және тұлғалардың арасындағы өзара құқықтық әрекет жасау нормалары түсініксіз, ал кейбір жерде құқық нормаларының коллизиясы мен құқықтық олқылықтарды тудыруда. Мәселен, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» Тізіліміне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады делінген. Алайда, «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру: мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды ұсынады деп жазылған яғни екі нормативтік актіні бір-бірімен сәйкестендіру қажет.

Қазіргі кезде жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылдың 01 қазанындағы № 301

бұйрығымен бекітілген жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

Нәтижесінде «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 7 жұмыс күнінен 4 жұмыс күніне;

- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 30 жұмыс күнінен 13 жұмыс күніне;

- «Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 50 жұмыс күнінен 46 жұмыс күніне;

- «Сауда – саттықты (конкурстарды, аукциондарды) талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 30 жұмыс күнінен 15 жұмыс күніне;

- «Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметтерін көрсету мерзімдері 15 жұмыс күнінен 5 жұмыс күніне қысқартылды [2].

Қазіргі кезде жер қатынастарын цифрландыру кезеңінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрлеріне сәйкес, тұлғалардың билікке деген көзқарасы сипатталады. Жер саласындағы барлық мемлекет қызмет түрлері электрондық үкіметтің [www.egov.kz](http://www.egov.kz) сайтындағы веб-портал арқылы көрсетіледі. Осыған сәйкес, жер саласында қызмет көрсету үрдісінде е-лицензиялау, электрондық үкімет порталдарымен жұмыс жасаудың рөлі артып келеді.

#### Кесте-1

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мемлекеттік қызметтерді реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің болуы;</li> <li>• Мемлекеттік қызметтерді қағаз түрінде көрсетудің азаюы;</li> <li>• Мемлекеттік қызмет алушылардың мемлекеттік органдарда қызмет алу үшін кезекке тұруының жойылуы;</li> <li>• Мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы электронды форматқа көшуі;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясының төмен деңгейде болуы;</li> <li>○ Электронды үкімет порталында сайттарда жер саласында мемлекеттік қызмет алу үрдісі бойынша ақпараттың толық болмауы;</li> <li>○ Қызмет алушылардың электронды порталға жүгінуге қызығушылығы төменділігі;</li> </ul>
Мүмкіндіктер (O)	Қауіп-қатерлер (T)
<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Қызмет алушылардың цифрлық сауаттылығының деңгейін жоғарылату;</li> <li>✓ Электрондық порталдарды жетілдіру және интеграциялау;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Сервис, порталдарда техникалық ақаулар;</li> <li>➤ Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша кеңесу (консультация) кезінде қызметкерлерінің құзыреттілігінің төменділігі ;</li> </ul>

Жоғарыдағы кестеге сәйкес, SWOT талдау жасалып, мемлекеттік қызмет көрсету бірінші кезекте ашықтыққа, қызметтерді жедел түрде алуға қол жетімділікке, қызмет көрсетудің мерзімі және сапасын сақтап көрсетуге бағытталғандығы анықталды. Қызмет көрсету барысында мерзімді сақтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмау мақсатында электронды түрде келісу тәжірибесін қолдануда техникалық ақаулардың кедергілері туындамауы керек, ол үшін «Е-лицензиялау» мемлекетті деректер базасын одан әрі пысықтау қажеттігі .

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру мемлекеттік корпорация, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады[2].

Тағы бір айта кететін жағымды жайт бүгінгі күні барлық жергілікті атқарушы органдардың геоақпараттық порталды құру жұмыстары жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта геопортал әрбір жер қатынастары басқармасында арнайы сілтемесі бар мекенжайлар бойынша орналастырылған. Геопортал құрудың негізгі мақсаты бұл мүдделі тұлғалардың жер қатынастары саласында және жерді пайдаланудағы мәліметтерге қол жеткізілуін, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметті автоматтандыруды толықтай қамтамасыз ету болып табылады. Геопортал мүмкіндіктері жер қатынастары саласындағы сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдерін біршама төмендетуге, көрсетілетін қызмет алушының көрсетілетін қызмет берушімен тікелей қатынасын болдырмауға, керекті өзекті ақпаратты қашықтан алуға қол жетімділікке жағдай жасайды. Дегенмен қазіргі уақытта басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелерімен геопорталды интеграциялау үрдістері әлі де жүзеге асырылуда [3].

Сонымен бірге мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен интернет-ресурсында барлық негіздер мен нормативті құқықтық актіні көрсете отырып, жер учаскесін алған субъектілер туралы толық ақпарат ашық көрсетілген. Бұл жер саласында мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпарат алу үшін қажет өте тиімді база [4].

Нәтижесінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілі бөлігіне талдау жасау барысында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бір-біріне сәйкес келтіру, ережелер мен Жер Кодексі арасындағы құқықтық қайшылықтарды жою, техникалық мүмкіндіктерді бағалау жасалғанда әкімдіктердің құрылымдық бөлімшелерінің бір бөлігі «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасында сыртқы келісуші мемлекеттік органдар ретінде бірыңғай тізімге енгізілмегендігі яғни ақпараттық жүйелерде қажетті функционалдардың болмауы, мемлекеттік қызметті көрсету бойынша құқықтық актілердегі сәйкессіздіктерді жою, «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясының» базаларымен интеграция жасау мәселелерін қарастыру қажет.

Ұсыныстар:

1. «Е-лицензиялау» мемлекеттік базасы ақпараттық жүйесін модернизациялау бойынша шаралар қабылдау яғни қажетті функционалдардың болмауын, сыртқы келісуші мемлекеттік органдар ретінде бірыңғай тізімге енгізуді жасау қажет.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесін құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметті көрсету бойынша құқықтық актілердегі сәйкессіздіктерді жоюды ұсынамын.

3. Көрсетілетін қызметтер тізілімдерін қабылдау барысын оңтайландыру және ол уақытымен жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету қажет;

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды және оған қоғамдық мониторингті жүргізу қағидадарға заңдылық, объективтілік, бейтарапты, анықтық, жан-жақтылық, ашықтыққа негізделеді. [5].

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер «сапа», «қол жетімділік» атты өлшемшарттарымен өлшенеді. Қазақстан Республикасы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің іске асырудың іс жүзіндегі тәжірибесі оның сапасы, қол жетімділігіндегі мәселелер оларды орындауда жергілікті атқарушы органдарда туындайтын техникалық немесе құқықтық деңгейде қиындықтарға тап болатындығын көрсетеді. Осыған орай, жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетуді оңтайландыруды заңнамалар мен цифрлық технологиялардың жұмысын бірге интеграциялау арқылы бизнес-үрдістерді қадам-қадам бойынша жетілдіру жолымен іске асыру қажет.

Аталған ұсыныстарды енгізу бұл еліміздегі цифрландыру жағдайында бүкіл жер саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапаларын одан әрі арттырумен қатар ең бастысы қызмет алушылардың құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз етіп, қызметті барынша ашық және қолжетімді етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы// Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. –URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>.

2. 2020 жылдың 01 қазанындағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» № 301 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021366>

3. 2014 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №98 бұйрығы, // Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400010029>;

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару Комитетінің ресми сайты. Қазақстанның кадастрлық ақпараты кез келген азаматқа қолжетімді. – URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/land/press/news/details/333401?directionId=1416&lang=kk>

5. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000088>

#### ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО ПО ПОРУЧЕНИЮ В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ ЯПОНИИ

*Жамбурбаева С., докторант PhD юридического факультета КарУ им. Е.А. Букетова*

Стремительными темпами прогрессирующему гражданскому обороту необходима разработка подходов, под стать уровню и тенденциям модернизируемого общества, в связи с чем положения, которые регулируют институт представительства, такой мировой державы, как Япония, выступает продуктивным наглядным примером.

В современном Казахстане интерес к институту гражданско-правового представительства обусловлен целями и функциями исследуемого юридического явления в механизме исполнения гражданских прав и обязанностей, результативность которого во многом зависит от средств, используемых субъектами для удовлетворения собственных денежных и имущественных потребностей. Так, институт представительства представляется в качестве эксклюзивного правового инструмента, предоставляющего субъектам возможность одновременно принимать участие в различных правовых отношениях и, тем самым, расширять сферу своей правовой деятельности. Для определенной категории субъектов представительство представляет собой единственную возможность участия в гражданском обороте из-за преобладающих обстоятельств (состояния здоровья, возраста и т.д.).

Модернизация гражданского законодательства Республики Казахстан, начало которой было положено внесенными законодателем изменениями: отмена сбора на вступление в Республиканскую коллегия адвокатов, саморегуляция юридических консультантов, обязательное страхование профессиональной ответственности адвокатов и юридических консультантов и т.д., призваны облегчить и расширить возможности